

3 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 772 б.

4 Камерон Сара. Аштық жайлаған дала: ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Алматы: 2020. 305 б.

5 Нұрмаханова Ж., Қаражанов Қ. Зұлматтың басы жұт еді. Кітапта Адай көтерілісі. – Алматы, «Нұрлы Әлем» 2010. – 320 б.

6 Курманов З. Уроки истории. О голодоморе и настоящей дружбе. Дерек көзі: <https://elgezit.kg/2020/12/09/uroki-istorii-o-golodomore-i-nastoyashhej-druzhbe/> [Есепке алынған күні: 09.12.2020].

ТАРИХЫ ТҮНҒАН КҮЙІК ТАУЫ

Жолдыбай И.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Өскембаев Қ.С.

Астана Халықаралық университет

Zholdybay18@inbox.ru

Қазіргі біздің мекен етіп жатқан Жамбыл облысының батысында Жуалы ауданының шығысында Жамбыл ауданымен шектесер тұсында кіші Қаратау белдеуі жатыр. Оның жалпы ұзындығы 200 шақырым, ені 35 - 40 шақырымды құрайды. Сол кіші Қаратау белдемі арқылы Алматы – Ташкент – Бішкек көлік жолы Батыс Қытай – Батыс Еуропа автобаны Күйік асуы арқылы өтеді. Таудың абсалюттік биіктігі 1200 метр. Күйік тауының батысында Теріс өзені мен Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы ал шығысында Жұрынсай, Аса өзендері және Билікөл көлі алып жатыр [1,816].

Күйік тауының етегінен ағып өтетін Аса өзені Билікөлге құяды. Оның кішігірім 30-ға жуық саласы бар. Асаның әсіресе Күркіреусу өзенімен қосылған тұсы таулы аңғармен өтеді, ағысы өте жылдам.

Осы тұста өзен тау шатқалында күркіреген дыбыс шығарып аққандықтан ел оны «Күркіреусу» - деп атап кеткен. Ш.Айтматов «Жәмила» повесінде Күркіреусу өзенін тіл жеткісіз тамаша етіп суреттеген.

Күйік тауының солтүстігінде Берікқара шатқалы бар. Жаугершілік заманда жұртты бастап жауға қарсы қол бастаған, бейбіт заманда тау аңғарында елді егіншілікке үндеп арық қаздырып елге шарапаты тиген Берік есімді кедей жігіттің есімімен қойылған атау деген болжамды біз сол аймақтың тұрғындарынан естіп білдік.

Ал, негізінде Берікқараның бұлай аталуы туралы жазушы К.Баялиев «Жаңарған Жамбыл өлкесі» - атты кітабында жоңғар шапқыншылығы кезінде бұл шатқалда берік қамал болған деп көрсетеді. Сондықтан елді жаудан аман алып қалған осы қамалды Берікқара атаған деп көрсетеді. Берікқара атауына байланысты осы өңірде көктем, күз айларында тұратын алапат желдің атын да жұрт осылай Берікқара желі деп атайды [2, 43 б].

Берікқара шатқалында 1971 жылы мемлекеттік табиғи қорық ашылған. Бұл жерде қызыл кітапқа енген Берікқара терегі, кәдімгі пісте, Недзвецкий алмасы, қызғалдақтың бірнеше түрі, рауағаш сияқты сирек өсімдіктер өседі. Қорықшаның жалпы аумағы 17,5 мың гектар жерді құрайды. Қазіргі Берікқараның қоырқшыларының айтуынша біз жоғарыда атап көрсеткен терек тек Канада мемлекетінде ғана бер екен.

Жалпы алғанда күйік тауының солтүстігінде жабайы жан жануарлардан арқар, тауешкі, түлкі, қоян сияқты аңдар мекендесе, құстардың 40 тан астам түрі кездеседі.

Жамбыл облысының энциклопедиясында Күйік асуын «Қиын асу» деп көрсеткен. Себебі мұнда ауа райы өте құбылмалы. Қыстың күндері күйік тауының батысында бұрқасын қар борап, ақ түтек боран болып тұрса, шығысында керісінше жайлылық сезіліп, тіпті төрт түлік мал жайылып жүретіндігін осы автомобиль жолы арқылы өткен әрқайсымызға белгілі.

Мұнда табиғат өте құбылмалы. Сол себептен де көктем және күз айларының суық күндері Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы жақтан келген ақ тұман жолды мейлінше жауып тастайды. Сол себептен де мұнда жол көлік апаты өте жиі орын алады. Оның үстіне бұл жердің табиғаты қыстың күндері қатал болғандықтан атомашиналар асудан аса алмай кей жағдайларда жол көлік апаттары да өте көп кездеседі. Жалпы Күйік асуы туралы ел тек осы табиғатының қаталдығын арқасында ғана біледі.

Бұл жағдайлардың барлығын біз теледидар мен әлеуметтік желілерден білеміз. Сондықтан Күйік тауының екінші атауы «Қиын асу» деп аталған.

Кіші Қаратаумен шектесіп жатқан Күйік асуы ерте кезден ақ адамдар мекендеген аймаққа жатады.

Берікқара шатқалындағы б.з.д II – I мыңжылдықтарға жататын петроглифінде қос ат жеккен екі дөңгелекті арбалар көптеп кездеседі. Бұл суреттерге қарап бұрын осы өлкеде түйе жануары болғандығын болжау қиын емес. Бұл суреттердің барлығы да бір мәнерде, арба дөңгелектері алынып жанына қойылғандай болып бейнеленген. Қола дәуір петроглифтерінде соғыс арбаларын бейнелеу кеңінен таралған.

Күйік тауының батысындағы Теріс өзенінің оң жағында Баркуаб ортағасырлық қаласы болған. Бұл қалашық туралы В.В.Бартольд және В.А.Каллаурлар жазып кеткен. Қазба жұмыстары әлі жүргізілмеген.

Баркуаб қалашығы бірқатар тарихшылардың және саяхатшылардың еңбектерінде айтылған. Ә. Байбатша: «Ұлы Жібек жолының негізгі желісі Түлкібасы өлкесімен Теріс өзенінің бойына орналасқан қалалар Баркуаб, Абардадж қалалары арқылы Шақпақ белінен асып Арыс өзенін жағалап өткен» деп жазады. Көне деректерде Теріс өзенін «Баркубе» деп атаған. Олай дейтініміз Араб тілінен аударғанда «Баркубе» - «кері бағыттағы өзен» деген мағынаны береді. Ал Баркуаб болса, «кері өзеннің жағасындағы қала» деген ұғымды білдіреді [3,76 б.].

Тараз Жамбыл облысы энциклопедиясында бұл қалашық шартты түрде «Бурнооктябрь» деп көрсетілген [3,85 б.].

Қазіргі ғалымдарды ерекше қызықтырып отырған Шауғар қалашығы Күйік асуының Күркіресу елді мекенінің батысында орналасқан және аумағы 2,5 шақырымдай жерді алып жатыр. Шауғар қалашығы туралы тарихшы Әділбек Байбатша да өз еңбегінде: «Күйік асуындағы Шауғар қаласының шеберханасында Қаратаудың тақта тастарынан қайрақ тас дайындалған» - деп жазады [3, 49 б.]. Ал қала орны бүгінге дейін зерттелмеген. «Шауғар» сөзі соғды тілінен аударғанда «қаратас» дегенді білдіреді. Аталған қалалардың барлығы дерлік 1219-1220 жылдары Шыңғысханның шапқыншылығынан қираған.

Тарихы тұнған өлке туралы деректер бірі, бұл аймақты 1922 жылы ақпан айының соңында жүріп өткен жауынгер жазушы Д.Фурманов «Мятеж» атты романында Күйік асуы туралы мынандай күнделік жазып кеткен. «Каяк (Күйік) асуында табиғат тез өзгереді екен, бұралаң тастақты жолмен төмен құлдилап бердік. Жолдағы үлкен тастар татар молаларының басындағы белгі тастарға ұқсайды екен. Асу біткен кезде алдымыздан ескі керуен сарайдың орнына тап болдық. Бұл жерде арғы – бергі өткен жолаушыларға қарақшылық шабуыл жасалып тұрған да, ел көтеріліп керуен сарайды иесімен қоса өртеп жібереді. Жер атауы сондықтан Күйік аталады» - дейді [4,14б.].

Асудың «Күйік» аталуы туралы, Бөгенге жақын «Шошқа бұлақ» атты ауылдың тұрғыны Базен қарияның аузынан Мұхаметжан Тынышбаев төмендегідей аңыз әңгіме жазып алған: «Есім хан жауға аттанар алдында Түркістанға Тұрсын ханды шақырып алып ел билігі мен отбасын аманат етіп тапсырады. Екі жыл жорықта болып, еліне қайтар жолда Әулиеатадан 40 шақырым жердегі таудан Тұрсын ханның бұзауларын бағып зар еңіреп жылап жүрген кейуанаға кездеседі. Байқап қараса кемпір өз шешесі екен, соның күйігінен жер атауы «Күйік» аталыпты делінеді». «Есым узнал в старухе свою мать; им овладела

«Каюк» (злоба, ненависть), откуда и местность стала называться «Куюк») Жер атауының «Күйік» аталуы осылай баяндалады [5, 157с.].

Осы Күйік асуын Шыңғыс тағының иесі Күйік ханымен байланыстырып болғандығы І.Есенберлин Көшпенділер тарихи триологиясының бірінші кітабында мынандай тарихи оқиғаны келтірген: «Еділ өзенінің сағасындағы Алтын Орда астанасы Сарай қаласынан «Сарыарқадағы елімді көремін» деген сылтаумен он түмен қолмен Бату Күйікке қарсы жүрген.

Қалың қол екі жақтан таяй берді. Күйік пен Бату алыстан айбат көрсетіп, аяқтарымен жер қопарып сүзісуге келе жатқан екі бұқа тәрізді. «Қайсысының мүйізі сынбақ? Ал сынбаса қайсысының мүйізі мұқалып, намысқа шыдай алмай қан қақсап сырқырамақ?

Бүкіл Шыңғыс әлеті болып демін ішіне тарта күтті. Бірақ заңғар мүйіздер сарт – сұрт ұрысқан жоқ. Күтпеген жерден жол – жөнекей Күйік екі күн ауырып қаза тапты» [6, 11 б].

Жолдасбек Тұрлыбаевтың «Райымбек батыр» романында Күйік асуының әрбір төбесінде қазақ жасақтары от жағып аз адаммен қалың жоңғар шеріктерінің жолын кескендігі туралы сөз болады [7, 21 б.].

Жазушы жерлесіміз Ш. Мұртаза «Жұлдызы биік Жуалы» атты очеркінде: «Күйік» - Қаратаудың атақты асуы. Неге «Күйік» деп аталғаны белгісіз. Мүмкін, «Қаратаудың басынан көш келеді» заманындағы қорлықтың күйігі ме екен? ... кейбір көктемде осы «Күйіктен» алты – жеті, тіпті одан да көп күндер бойы бір азынауық жел тұрады. Сонда жайқалып өсіп келе жатқан көк желең шынжау тартып, мешел баладай ілмиіп, көк тұрмақ, мал – жанның да реңі қашып берекесі кетеді. Асудың «Күйік» аталуы бәлкім содан шығар» - деп жазады [8, 59 б.].

Тескентау туралы тарихи шындық Тескентау – Жамбыл облысы мен Оңтүстік Қазақстанды байланыстырып тұрған Күйік асуынан өтетін жердегі поезд теміржолына арналып салынған тарихқа толы тауды жарып өтетін тунель.

Кейбір жазушылардың айтуынша Тескентау – Түркісіб теміржолының бір бағыты, патша үкіметінің Қазақстанның байлығын Ресейге тасымалдау мақсатында салынған ірі құрылыс болған. Тескентау құрылысы 1914 жылы басталып, 1917 жылы аяқталған. Туннельдің батыс және шығыс жағындағы кіре берісіндегі тастарда оны айғақтайтын «1914 – 1917»- деген жазу бар екен. Сол Тескентауды бұрын көргендердің айтуынша кіреберіс маңдайшада Сталиннің тасқа қашап салынған суреті болған екен.

Негізінен алғанда Тескентау жобасы – Алаштың біртуар азаматы Мұхамеджан Тынышбаевтың еңбегі. Ол алғашқы қырғыздарға асар жердегі жоспарды өзгертіп, өзеннің арнасына жақын жерден салуды қолға алады. Бұл жоба әсіресе жүк поездарының қозғалысын жеңілдетіп әрі, көптеген қаржыны үнемдеген екен.

Кейінірек, яғни 1937 жылы Мұхамеджан Тынышбаев «халық жауы» болып қамалып, одан жауап алынған кезде сол қыруар пайда әкеліп поездардың жүрісін жеңілдеткен оның жобасы өзіне «таяқ» болып тиеді.

Өлкетанушы Дәулетжан Жамалбекұлы бізге осы Тескентауды қазу барысында ауыр жұмыстан көптеген адамдардың қайтыс болғандығын және бригадирдің Сталиннің әмірінен қорқып өзін – өзі шыдамай атып өлтіргендігін баяндап берді.

Бұл жер Күйік тауының жақпарлы тастарын қақ жарып өткендіктен, тек арнайы адамдардың ғана өтуіне рұхсат етілген. Арнайы қорғауға алынған және ерекше күзеттегі жер болып саналады, ешкімге жақындауға рұхсат берілмейді. Сондықтан да біз жерге біз бара алмадық. Тек поездбен Оңтүстік жаққа бет алған жолаушылар мен жүк тасымалдары осы тунел арқылы өтеді.

Қорыта айтқанда «Тескентау» атауы «тесілген тау» деген мағына беретін атауды білдіреді. Атамекен жеріміздегі жер тарихы мен ел тарихы атауларының көзі ғасырлар бойы тарих көшінде алмасқан ұрпақтар санасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып қорланған жиынтығының бір көрінісі. Қазіргі кезде тарихи зерденің бір саласы

ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен тал бесігі, туған жер тарихына ерекше мән беріліп отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2000 жылы шығармашыл зиялылармен кездесуінде: «Біз өз тарихымызды өзгелер тұрмақ өзімізге толық таныта алмай келе жатқан халықпыз. Әрбір азамат туған жерінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінетін уақыт жетті» - деп атап көрсеткен еді [9].

Сонымен, зерттеу жұмысымыз ерте кезден-ақ саяхатшылар мен тарихшыларымызды ерекше қызықтырып, табиғат ерекшелігімен талалайларды тамсандырған Күйік тауының тарихына арналып отыр. Зерттеудің барысында көптеген тарихи және әдеби деректер сараланды. Күйік тауымен жапсарлас орналасқан жерлерге олардың атауларының шығу тарихына ерекше мән берілді. Көрсетілген мәліметтер бұрын еш жерде ғылыми зерттеу жұмысы ретінде жарық көрмеген. Жұмысты жазу барысында облыстық «Тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау және қайта қалпына келтіру» дирекциясымен Тараз мемлекеттік университетінің өлкетанушы ғалымдарымен сондай-ақ жергілікті жердегі өлкетанушылардың сұхбаттары пайдаланылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: Қазақстан, 1991. – 345б.
2. Баялиев К. Жасарған Жамбыл жерінде. – Алматы: Жалын, 1980.-88 бет.
3. Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. - Алматы: Санат, 2002. – 384 б.;
- Байгілен С. Тараз өңіріндегі тастағы таңбалар. // Қазақ тарихы. 2002. №5, - 38б.
4. Фурманов Д. Мятаж. Москва: Правда, 1980. – 254с.
5. Тынышбаев М. История казахского народа. -Алматы: Қазақ университеті, 1993, - 287с.
6. Есенберлин І. Көшпенділер. - Алматы: Жазушы, 1976, - 344б.
7. Тұрлыбаев Ж. Райымбек батыр. – Алматы: Жазушы, 1998, - 455б.
8. Мұртаза Ш. Шығармалары III том, - Алматы: Қазығұрт, 2002. – 455б.
9. Назарбаев Н. Кемел келешек білім мен ғылымда. // Егемен Қазақстан. 2000, 14 ақпан.

КАЗАХСТАНСКАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ ОБ «АЛЖИРЕ»

Аленова К.Е., магистрант
Кокшетауский университет имени А.Мырзахметова

Среди большого количества статей, книг, опубликованных статистических материалов по теме политических репрессий, исправительно-трудовых лагерей СССР особое место занимают труды казахстанских исследователей. Они впервые попытались воссоздать картину политических репрессий на территории Казахстана, изучить все проявления тоталитарного режима с региональной точки зрения, особое внимания уделив Карагандинскому исправительно – трудовому лагерю, а также его филиалам и отделениям.

Со второй половины 1980-х гг., когда идеологические рамки советской системы начали терять силу, доступ к документам, который был ограничен, становился более открытым. В указанный период увеличилось число публикаций о репрессиях и ИТЛ СССР, в которых нашли отражение правовая сторона и политика советских репрессий, вопросы коллективизации, индустриализации. Данные вопросы отражаются в работах Д.А. Шаймуханова [1], А.А. Абдакимова [2], Ж.Б. Абылхожина [3], М.К. Козыбаева [4] и др.

В 1989 г. впервые начали публиковать статьи об истории Карлага, Статья журналиста Виктора Дика, опубликованная в «Казахстанской правде», вызвала большой общественный